

9 қараша,
Сейсенбі,
2021 жыл.

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930

жылдың

қараша айынан

бастап шығады.

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ ЕҢБЕК МАЙТАЛМАНДАРЫНА ҚҰРМЕТ!

СӘЛЕМДІ МАЛДЫҢ АМАНДЫҒЫМЕН БАСТАЙТЫН ҚАЗАҚ ҮШІН АУЫЛ ҚАШАНДА БЕРЕКЕНІҢ БАСТАУЫ! ОҒАН МЫСАЛДЫҢ МЫҢ САНЫН КЕЛТІРУГЕ БОЛАДЫ. АЛ, БҮГІНГІ КҮНІ ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУХАТЫМЕН ӨНІМ САПАСЫНЫҢ JAҚCЫ БОЛУЫ - АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ДАМУЫМЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТЫ. ЕЛДІГІМІЗДІ ЕСЕЛЕП, МЕМЛЕКЕТТІГІМІЗДІ НЫҒАЙТҚАН ОСЫ ЖЫЛДАРДЫҢ ІШІНДЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚОЛДАУЫНЫҢ АРҚАСЫНДА ЖАҢА ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРІЛІП ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫН ДАМУЫТУ МЕН АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУДАҒЫ ЖЕТЕКШІ КҮШКЕ АЙНАЛДЫ. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ХАЛЫҚҚА АРНАЛҒАН КЕЗЕКТІ ЖОЛДАУЫНДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МӘСЕЛЕСІН КӨТЕРДІ. ЖАЛПЫ, АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНЫҢ БАСТЫ МІНДЕТІ – ЕЛІМІЗДІ НЕГІЗГІ АЗЫҚ-ТҮЛІК ӨНІМІМЕН ТОЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЕКЕНІН АТАП КЕРСЕТТІ. СОНДЫҚАН, ОСЫНДАЙ ЕСЕЛІ ЕҢБЕКТІҢ МАЙДАНДАЖҒАН ЖҮРГЕН МАЙТАЛМАНДАР ҚАНДАЙ ҚҰРМЕТКЕ ДЕ ЛАЙЫҚ! ҚАШАННАН ТӨРТ ТҮЛІГІ ТЕҢ ӨРГЕН ОЙЫЛ ҮШІН АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРІСТІҢ ӨЗЕГІ. ТІРШІЛІКТІҢ КҮРЕ ТАМЫРЫ.



Өткен жұмада Ойыл ауданында ауылшаруашылығы қызметкерлерінің күні аталып өтті. Алдымен аудандық Мәдениет Үйінде салтанатты жиын өтіп, еңбек озаттары марапатталды. Ауылдың түтінін түзу ұшырып отырған еңбеккерлерге ізгі лебізін жолдаған аудан әкімі Асқар Қазыбаев ең бірінші «Мұрагер» шаруа қожалығының басшысы Өркен Ақеділовке Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгіновтің алғыс хатын, ауыл шаруашылығы қызметкерлері кәсіби мерекесіне орай ауданның ауыл шаруашылығы саласын дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін және бір топ кәсіпкер мен шаруа қожалықтарының жетекшілеріне Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары Жақсығали Иманқұловтың Алғыс хатын табыстады. Ал, ауданның ауылшаруашылығы саласының еңбек ардагерлерінің кеудесіне «Ойыл ауданына 100 жыл» мерекелік медалын тақты. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай, ауыл шаруашылығы саласына қосқан зор үлесі және қажырлы еңбегі үшін шаруа қожалық қызметкерлері өртүрлі номинациялар бойынша марапатталды. Салтанатты шара соңы концертке ұласып, еңбек майталмандары мерекелік дастарханда бас қосты.

Мерекелік жәрмеңке Бағасы әлпқайқа мөмен болқы

Ауылшаруашылық күні қарсаңында ауданымызда ауылшаруашылық жәрмеңкесі өткізілді. Жергілікті шаруалар мен өзін-өзі қамтушы азаматтар тұрмысқа қажетті азық-түлік өнімдерін нарықтағы бағадан арзандатылған бағамен сатты. Жәрмеңкеде нан өнімдері, ет, құрт, құртмай, айран, қымыз және бау-

«Мұрагер» шаруа қожалығы картоп өнімін 150 теңгеден сатты. Талтоғай жайлау қымызын 1500 тг ұсынды. Екпестал ауылының асқабағы 300, қаз еті – 10 000 теңге, балы 2000 теңге. Ойыл ауданының шаруа қожалықтарынан «Ерулан» шаруа қожалығы сүзбе 600, айран 400 теңгеден сатты. «Siko sushi» нан, төрт өнімдерін өкелді. Басқа да өзін-өзі қамтушы азаматтар өз өнімдерін ұсынды. Аудан әкімі Асқар Қазыбаев жәрмеңкені аралап, ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілермен сөйлесті. Жәрмеңке де табиғи таза және сапалы өнімдерге аса мән берілген. Ауылдық округтегі шаруа қожалықтар арнайы тігілген ағаш үйде жәрмеңкеге келушілерге ыстық шай, қуырдақ, бауырсақ, палау сынды тағамдарын ұсынды.

Ат үстіндегі ұлттық ойын түрлері Ауыл шаруашылығы қызметкерлеріне арнапқы

Өткен жұмада түс өлетінде Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында ауыл шаруашылығы қызметкерлері күніне орай аламан бөйге, тай жарыс және ат үстіндегі ұлттық ойын түрлері өтті. Аламан бөйге мен ат үстіндегі ұлттық ойын түрлерін тамашалауға келген адам қарасы көп болды. Құйрық-жалы таралған сөйгүліктеріміз өп дегеннен дүбірлі доданы қыздыра түсті. 18 шақырымдық бөйге басталғаннан-ақ тұлпарлар бірі-біріне шаң қаптыра шаба жөнелді. Нәтижесінде мөреге Жандос Галияқбардың «Жедел» атты тұлпары бірінші болып жетті. Ал, екінші орын бөйге басынан алдыңғы үштікте қатарласа шапқан Фалым Көңіліксовтың «Көгершін» атты сөйгүлігіне бұйырды. Мөреге үшінші болып Мұхит Рахатовтың «Ақтабан» атты тұлпары келді. Тай жарыстан жаңадан жаратылып, бөйге алаңына алғаш рет тұяғы тиіп жатқан тайлар көпшіліктің көңілінен шықты. Нақтырақ айтсақ, оқ бойы оза шапқан Қалдыбай Абуовтың «Жауынгер» атты тайы мөре сызығынан бірінші болып өтсе, Мұхит Рахатовтың «Хабар» атты тайы араға ұзақ уақыт салмай мөреге екінші болып жетті. Мөре сызығына атына заты сай Манарбек Мырзаханұлының «Найзағай» атты тайы үшінші болып келді. Ат үстіндегі ұлттық ойын түрлеріне тоқтал-

сақ, бойында намысы қайнаған, білекті де, тақымды жігіттеріміз аударыспақтан сыңға түсті. Бұл сайыс өте тартысты болды. Жиылған көпшілік өр спортшыны қызу қолдап отырды. Палуандарымыз қарашаның қара суығын елеместен ат үстінде кімсіз күресті. Әрбір палуан бір-біріне есе жіберіп алмауға тырысты. Нәтижесінде қарсылас шыдатпаған берсиевтік Ринат Смағұлов бірінші орынды жеңіп алды. Ринатпен ақтық бөсекеде кездескен Дәурен Жауғаштиев күтпеген жерден атынан аударылып түсіп, екінші орынды місе тұтты. Ал, үшінші орын Дастан Жауғаштиевке бұйырды. Ат үстіндегі ұлттық ойын түрлерінен жиылған жұртшылықтың қызу қолдауына ие болған теңге ілу сайысы бойынша Еркебұлан Егізбаев үшінші орынды қанжығаласа, тамаша өнерімен көзге түскен Төремұрат Мұқатаев екінші орынды еншіледі. Аталған додада Ерулан Қанатовқа тең келер ешкім болмады. Осындай ат тұяғы дүбірлеген додаға ауданның атымтай азаматтары демеушілік көрсетті. Атап өтсек, Марат Арыстанов, Еланан Мұқанғалиев теңге ілуге Сәндібек Дәулетқалиев аударыспаққа қаржылай демеушілік көрсетті. Жеке кәсіпкер Қуаныш Қыстаубаев жас шабандоз жеті жастағы Қуаныш Жандосұлына 70 мың теңге демеушілік көрсетті.

P.S.
Бап пен бақ қатар сыңға түскен аламан бөйге мен тай жарыста шашасына шаң жұқтырмай шапқан тұлпарларымыз сүрініп қап жатты. Мөре сызығына қарға адым сәтте сүрінген сөйгүліктерге көз тиді дегендер де болды. Алайда атбегілердің арасында сөйгүліктеріміздің бөйге ге жаратылуы кем, бұл жерде асығыстық байқалады деген сөздерінің де жаны бар сыңайлы. Демек, бұл біздің өңірдегі ат спортының кенже қалып отырғанының көрінісі десе артық айтқандық емес. Ал, атбегілер мен ат спорты жан-күйерлерінің тілегі осындай ат үстіндегі ұлттық ойын түрлерін ауданымызда өлі де жандандыра түссе дейді.

Арнаулы тілшілер,
Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Гаухар АЛЕКСЕЕВА.



БІЛІМ САЛАСЫНДА ЖЕТІСТІК КӨП, ОЛҚЫЛЫҚТАР ДА АЗ ЕМЕС

ӨТКЕН АПТАДА ОЙЫЛ АУДАНЫНА ОБЛЫСТЫҚ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ ЖОЛДАС БАТЫРХАН КЕЛІП, АУДАН МЕКТЕПТЕРІНІҢ ДИРЕКТОРЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ.



Облыстың білім саласындағы күрмеуі қиын мәселелерге тоқталған облыстың бас педагогы білім беру барысына пандемияның тигізген «салқынын» да жасырған жоқ. Соның салдарынан облыста білім сапасы 12 пайызға төмендеп кетіпті. Сонымен қатар, тәрбиенің де «ақсап» қалған тұстары бар. Жетістіктен гөрі жетіспеске назар аударған Жолдас Нұрланұлы аудандағы білім беру барысындағы өзекті мәселелерге де көңіл бөлді. Мұғалімнің міндеті мен мәртебесін, ұлттық құндылықтарды дөріптеу арқылы берілетін тәрбие жұмыс-

тарына тоқталды. Сапары барысында ауданның білім беру нысандарының жұмысымен танысып, ондағы олқылықтарды да жасырмаған бас педагог Ойыл аграрлық колледжінің жұмысына ризашылығын білдіріп және кеше ғана өткен қатар, тәрбиенің де «ақсап» қалған тұстары бар. Жетістіктен гөрі жетіспеске назар аударған Жолдас Нұрланұлы аудандағы білім беру барысындағы өзекті мәселелерге де көңіл бөлді. Мұғалімнің міндеті мен мәртебесін, ұлттық құндылықтарды дөріптеу арқылы берілетін тәрбие жұмыс-

«ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ»

АТАҒЫН БЕРУ ЖАЙЫНДА НЕ БІЛЕМІЗ?

«Ойыл ауданының Құрметті азаматы» атағын беру ауданымызда ең үлкен мәртебе болып саналады. Бұл атақты беру тәртібі Ақтөбе облыстық мешихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы №262 «Ақтөбе облысының (қаласының, ауданының) Құрметті азаматы» атағын берудің Қағида-ларын бекіту туралы шешімімен айқындалады.

«Ойыл ауданының Құрметті азаматы» атағын (одан өрі-Атақ) беру азаматтардың көп жылғы жемісті еңбегін, олардың қабілеті мен дарынын және бастамаларын қоғамдық өңбегінің белгісі ретінде: ауданның экономикасының, ғылымы мен мәдениетінің, өнерінің, білімінің, денсаулық сақтау және өлеуметтік саласының дамуына қосқан зор үлесі үшін; мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі, демократияны дамытудағы жариялылық пен өлеуметтік прогрестегі, рухани және интеллектуалдық өлеуеттегі, бизнестегі, шығармашылықтағы, спорттағы, мемлекеттік және ескери қызметтегі табыстары үшін; заңды-

лықты, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз еткені және тағы басқа белсенді еңбектері үшін беріледі.

Атақ беру туралы еңбек ұжымдары, қоғамдық және діни бірлестіктер, шығармашылық одақтар, қоғамдық мүдделерді қорғайтын бастамашылық топтар ұсыныс жасай алады. Өтініш хатқа тиісті басшының қолы қойылады және аудан өкіміне жолданады. Өтініш хат аудан өкімі құрған тиісті комиссияда қаралады. Комиссия өтініш хатты қанағаттандырып және аудандық мешихаттың қарауына Атақ беру туралы ұсыныс енгізуге аудан өкіміне ұсынады немесе тиісті себептерін көрсетіп, кері қайтара алады.

Атақ жыл сайын аудан өкімінің ұсынысы бойынша аудандық мешихатпен беріледі, алайда, аудан бойынша - екі азаматтан аспауы керек.

Атақ иелеріне төсбелгі және куәлік тапсырылады. Тапсыру салтанатты жағдайда және жариялы түрде жүргізіледі.

Мыңжасар ДОСОВ,
Ойыл аудандық мешихатының
аппарат басшысы.

ХАЛЫҚТЫ ӨЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ БАСТЫ НАЗАРДА!



Еңбек, өлеуметтік қорғау және көш-қон Комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті, Халықты өлеуметтік қорғау саласындағы бақылау бөлімінің мамандары Асқар Мұхитов және Ботагөз Нағашыбаева жуырда «Ойыл аудандық жұмыспен қамту және өлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-не, «Мүгедектерді өлеуметтік қорғау туралы» ҚР Заңын сақтау мәніне 2021 жылдың екінші жарты жылдығына арналған мүгедектерді өлеуметтік қорғау аясында профилактикалық бақылау жүргізді. Профилактикалық бақылау барысында бөлімнің маманы Ботагөз Нағашыбаева мекемедегі қызметкерлер арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді, онда мүмкіндігі шектеулі адамдарды қорғауға бағытталған негізгі заңнамалық нормалар баяндалды. Сондай-ақ, Департаментің өдеп жөніндегі уәкілі З.Абдиева мемлекеттік қызметшілердің Өдеп

кодексі және «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы нормаларын «Ойыл аудандық жұмыспен қамту және өлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ ұжымы арасында түсіндіру жүргізді, атап айтқанда, Өдеп жөніндегі уәкіл қатысушыларды жалпы мінез-құлық стандарттарымен, қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлық стандарттарымен, қызметтік қатынастардағы мінез-құлық стандарттарымен, көпшілік алдында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеумен байланысты мінез-құлық стандарттарымен, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Өдеп кодексімен таныстырып өтті.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидалары, мақсаттары мен міндеттері түсіндіріліп, Өдеп жөніндегі уәкілге жүктелетін міндеттер туралы да айтып өтті.

Ойыл аудандық жұмыспен қамту және өлеуметтік бағдарламалар бөлімі

Сырым бақсыГЕРЕҰҰЛЫ

Уақыт өткен сайын, сол бір жазырап, ғайыпқа кеткен күндер өзіне жақындай түседі ... өрине, тек еске алу арқылы. Және қандай сәулелі, қандай шұғылалы десеңізші?! Қоштасқың келмейді. Өзіңнің кім екенің, яғни өлдебіреулерге естелік ұсынуға моральдық құқың бар ма, жоқ па ..., не өрі, не бері бола алмай, ақыры өзің-не соншалықты ыстық көрінген сезімнен босанып шыға алмайсың. Және бір інімің: “өзіңіз қызмет еткен аудандық газетке биыл тоқсан жыл ғой, бір лебііз білдірмейсіз бе?” дегені сол сезімді қайтадан түртіп оятып, қолыма еріксіз қалам ұстатты.

Ауданымыз тарап, жұртта қалғандай, еңсемізді көтере алмай жүргенде, шампанның тығыны атылғандай, қайран көңіл аяқ астынан шалқып қаша келді. Аяқ астынан болмас, ол тек жорғарыда не болып жатқанынан бейхабар бізге ғана солай көрінеді, өйтпесе ауданның тағдырына қабырғасы қайысып, айттысардай айтқынсаң, шабысардай шабысқан ойылдық, яки басқа да азаматтардың “қайран тірлігің” кейін естідік қой! Кіндік қаны басқа өңірде тамса да, Ойыл туған жеріндеі болып кеткен Байсалбай аға, Байсалбай Жолмырзаев ауданымызға екінші қайтара бірінші хатшы болып келді де, экономикалық сала ғана емес, әлеуметтік, рухани салалар да өз көктемі бұр ашқандай дүр сілкініп сала берді. Аудандық газет ұжымы да аз күннің ішінде ауымен бауын түгендеп, ертең болатын ашылу салтанатына газеттің бірінші нөмірін өзірлеп жатты. Өзірлеп емес, материалдардың бәрі жоспарланып, жазылып, теріліп, беттеліп, енді “баспахананың майымен майлансып” өскен Қалеш Жақасовтың қағазды валиктің астынан өткізуге рұқсаты, яғни валикті қозғаушы нүктені басып қалуы ғана қалған. Турасын айтқанда, салтанат сыртта да, баспахана ішінде де нағыз шарықтау шәңбана еді. Газет және баспахана қызметкерлерінің аудан халқына қайта құрылуға байланысты қуанышты хабарларды жеткізуге асыққан сезімінде шеқ жоқ. Сол сөзім аяқ астынан тас-талқан болуға шақ қалды. Іште аласұрған көңіл-күй толқынын билей алмады ма, Қалештің: “өзірге үніс жатқан мына темір құрсау бекітілмей, валикті іске қоссақ, өріптер жан-жаққа тарыдай шашылады, қурығанда екі шелек қоқыс шығады” дегені. Бір-бірімзді ітерісіп, баспа машинасың қасына топтасқан біздің зәреміз ұшып кетті. Бастығымыз, газеттің бас редакторы Нұраға, Нұрымжан Жұмағалиев: “Қара Қалеш, қасқа Қалеш, аузыңа басқа сөз түспеді ме?!” деп шыр ете қалды. Дәл солай болса, шығында да, ол біз үшін нағыз апаттан кем соқпас еді. Өйткені, сол сағаттардағы рухымыздың бағасын тазарға салу мүмкін емес, сондай рухты мына шаш-топыраққа былғай салу деген, не масқара!

Қалештің: “өзірге үніс жатқан мына темір құрсау бекітілмей, валикті іске қоссақ, өріптер жан-жаққа тарыдай шашылады, құрығанда екі шелек қоқыс шығады” деуі ып-рас. Баспаханың сырты қалай мыжырайса, іші сондай тор және қабырғасы кедір-бұдыр, үлпілдеген шаңның ұясындай үрейдің ұшырады, еден цементтелмеген, шашылған су кепсе, майда топырағы ұлпаланып шыға келеді. Жаңағы Қалеш айтқандай “өріптер жан-жаққа тарыдай шашылса” оны сол ұлпа топырақтың арасынан теріп алып көр. Өлермендені тердің бе, тазартып, майлап-сайлап, қайтадан газеттің төрт беттік материалдары оқылатындай етіп, сан мыңдаған ұясына қолмен қайта қондыру, баста тірішілігіндегі адамдар біледі, қияметтің қиыны. Нұрағанның: “Қара Қалеш, қасқа Қалеш, аузыңа басқа сөз түспеді ме?!” деп шыр ете қалуы да, өбден орынды. Тәңертең басталатын аудан салтанатына гаетсіз бару не деген сұмдық?! Сол сұмдықтан Қалештің өзі құтқарды. Өз ісінің шыменіндегі майталманы еді, өз мүгедек, жас кезінде ме, кейін бе, жамбас сүйегі жақымданған, бір жағына шойындап жүріп, шаңға баттасып жатқан өріптерді, таңың елең-алпаныңда өз орнына қойып үлгерді. Салтанат бас-талғанда газеттің жаңа нөмірі бірінші хатшының алдында жатты. Нұраған, күлсе жайыла күлетін, “Өй, ақ Қалеш, төре Қалеш” деп сол күлкисімен, түнімен ұйқтамай көзі кіртіп, аздап ұрттап қоятыны бар, соны білдіргісі келмей төменшіктей берген Қалешті арқасынан қағып, мөз-мөйрам.

“Ұрттап қоятыны бар” дегеннен шығады. Сол “ұрттап қюядан” зардап шеккен аяулы ағаларымыздың бірі Сәрсен Жұмағалиев. Өте жайсаң, жұмсақ мінезді, байсалды жүзіне жымия күлімісірегені жарасып тұратын, ешқандай артық сөзі жоқ, өте мәдениетті жігіт еді. Білімді, бірақ онан білдіргісі келмейтін, Идощ түртпектеп, сөз тартқанда ғана, аздап ашылғанынан-ақ әдебиет өлемінің қызықты баяны қылт етіп, мұндай ортаға енді, ғана келген бізді елең еткізетін. Идощ, толық есімі Ибатолла Асқаров, аудандық партия комитетінен нұсқаушылықтан келді. Ойы ұшқыр, сергек, өсіресе, әдебиет, әдебиет болғанда өлем әдебиетінің аргы беріп тарихын білуге құштар, қаламы жүйрік журналист. Бірде анау-мынау емес, Шекспир өлеміне сахаттап, Атилло мен Дездемонаның қайғылы махаббатын көңілі шалқи баяндай бастағаны сол еді. Табыл ағамыз кіріп келді де: “Өй, Идощ, сүйегі баяғыда қурап қалған Атиллоның басын қатыра бергенше, давай, он жол ... мана айтып кетіп едім

ғой, қайда сол он жол ... ана газеттің тетігін мен немен бітеймін” деп өп-өдемі өңгіменің астан-кестенін шығарып, қуырып ала жөнелді. Шынында да, жауапты хатшы редакция мен баспаханың арасындағы елші сияқты, екі жақтың да кем-кетігін толтыруға бірінші кезекте басы ауыратын қызметкер. Аудан басшылары редакция қызметкерлерін өзiрге ілділдалай тұрыңдар деп, қай ғасырда бой көтергені белгісіз осы ғимаратқа орналас-тырғанды. Олар да Қожанасырдың кеңпейілімен “ай-хай өз үйім, кең сарайлы боз үйім” деп тұрып жатқан-ды. Ал, баспаханың жағдайы одан да мүшкіл, дұрысы салтанатты көңіл-күйді босаңсытпай, үн шығармаған дұрыс. Тек осындайда, сол екі ғимараттың ортасында туфлидің екішiсi қажалған Табыл ағамыздың: “Ана Шевченко ақсақалдың, қазақтың шаңы бұрқыраған Маңғыстауы мен Қарабұтағында айдауда жүріп туған жерін сағынғанда, “Өлгенде мені көмiндер, Днепр жағалауына” дейтiнi бар емес пе? Мына қара майға малын-ған өріп теруші қыздар сияқты менің де көкірегім баспаханың шаң-тозанына тұнып тұр, бірақ жастығымның көп күні осында өтті ғой. Өле қалсам мені де осы баспаханың іргесіне көміңдер” дегені еске түседі екен. Біреуді сықақтамаса бойына ас батпайтын ағамыздың ағынан ақтарылғаны рас шығар, бірақ шындығына күмәндімін.

Қою, бұйра шашы кең маңдайына төгілген, қыр мұрынды, дөңгелек жүзді, күлмікөз сұлу жігіт – Табыл ағамыз. Табыл Құлиясов, қызметіне келгенде өштеңеден тайынбайды. Өзі белгілі сықақшы, талай “дөкейлердің телігін қайырған” шымшыма сөздің шебері, кітаптары бірінен соң бірі шығып, атағы дүрілдеп тұрған жауапты хатшы айтса бітті, өңгіме тынады, өсіресе біздер, жас журналистер, қағазға қайтадан шұқшыя қаламыз. Табыл кетеді, сөл тыныштыктан соң жаңағы өңгіме қайта басталады. Енді, Сәрсен аға, сөл жымылып қойып, махаббаттағы қызғаныш пен әдебиеттегі шеберліктің ұштасуы жайлы қоңыр толғауға көшеді.

Сөкен, студент (ҚазГҰ-дың филология факультетінде оқитын) кезінде-ақ қаламының ұшқырлығымен көзге түседі. Жазушылар одағының жас әдебиетшілермен жұмыс бөлімі оны өлем әдебиеті туындыларын аудару ісіне тартады. Сәрсен аға Марк Твеннің “Принц и нищий” (“Ханзада мен қайыршы”) атты өңгімелер жинағы, Берді Кербәбаевтың “Айсолтан из страны белого золота”(“Ақ алтынды аймақтың Айсолтаны”) повесі, А.С.Макаренконың “Педагогическая поэма”(“Ұстаздық дастан”) сияқты классикалық дүниелерді мемлекеттік тілде сөйлетті. Аударма еліміздің әдеби ортасында өте жоғары бағаланды. Университеттен кейінгі алғашқы жылдар жас таланттың болашағынан көп үміттендірген де еді. Ол тіпті қалалық кеңестің депутаттығына сайланған болатын. Алайда, талай таланттың жолын кескен дерт, яғни “шабыт шаңыру” кеселі асқына келе, Сәрсен ағаны шығармашылық жолдан тайдырды. Жас отаудың берекесі кетіп, сүйіп қосылған жары Ханзададан ажырасты. “Сәрсен ағаның”: “Марк Твеннің Ханзадасы менің Ханзадам деп Марк Твеннің қайыршысымын ғой” дегенін естігенде, сырттай ұстам-ды, шыдамды көрінетін ағаның іштей қалай күйрейтінін сезіп, тұлабойым сыздап қоя берді” – дегенді бірде Идощ. Астанадан облысқа, облыстан ауданға, яғни жерлестерінің ортасына оралған аға мұнда да сол дертінен айыға алмады.

Алды кең, мінезі жұмсақ, талантты-ақ адам. Қазан төңкерісінің елу жыл-дық мерекесі қарсаңында-ау деймін, Қарасуда Шығанақ Берсеевке ескерткіш орнатылды. Орнатылды емес, Шығанақ жайлы терең зерттеулер жүргізіп, субелі еңбек жазған Идощ айтқандай, дұрысы ол “дала академия-лінің Мскеудегі Бүкілодақтық Ауыл-шаруашылығы жетістіктері көрмесі, оның Қазақстан бөлімшесінің кіре берісі алдында жыр алыбы Жамбыл-мен қатар тұрған, елу сегізінші жылы-ау деймін, көрме жабылғанда Мскеу-ден Ақтөбеге әкелінген алып ескерткіш еді. Ескерткіш содан қозғаусыз, елеусіз жерде жата берді де, аудан-ның бірінші хатшысы Байсалбай Жолмырзаев пен аудандық кеңес ат-қару комитетінің төрағасы Кемей-долла Төлеубаевтың табанды өтініші негізінде Ш. Берсеев өз топырағында қайтадан бой көтерді”.

Сонымен, бірінші хатшы Б.Жолмыр-заев ескерткіштің ашылу салтанатын-да сөз сөйлеуі тиіс, оның мәтінін өзірлеу аудандық партия комитетінің нұсқаушысы Әли Илиясовқа тапсы-рылды. Әдетте, мұндай тапсырма жүктелген қызметкерлер Сөкені же-кі келетін, өрине көмек сұрау үшін ... сол жолы да солай болды. Бірақ, баяғы сол дерт, Сәрсен аға қолға түспейді, ашығын айтқанда ішіп кетеді. Өлеңек ағаның айығуын күтіп, екі-үш күнін өткізіп алды, сөйтіп ескерткіштің ашылатын уақыты да жетті, яғни өртен ... Әли редакцияда, Сәрсен аға үйінде, жартылай аш, жартылай мас ... қайтесіз, ақиқаты сол ... Әли Сәрсенді емес, Нүрекенді қинайды, “қызметкеріңе айтсайшы” дейді ... бас редактор болғанмен Нүрекеннің Сәрсенге сөзі өте бермейді, талантты адамның таланты, ол айыққаннан кейін берін жуып-шайып жібереді. Бұл жолы, күтетін уақыт жоқ. Нүрекен шөпірін жұмсап, “қандай күйде болса

да, машинаға мінгізіп, жеткіз осында” деді. Бастық айтты, бітті, тапсырма орындалды. Сөкенің үнжұрғасы түсіп кеткен, басын көтере алмайды. Біз-дерге, жас журналистерге, оның мынадай күйде жұмыс істеуі, мүлдем мүмкін еместей көрінеді. Жоқ, шамасы бірінші рет емес-ау деймін. Дем-белше, домаланған Қалима үнсіз келіп, машинасына отырды, Әли машинка жанындағы үстелге газет қиындыларын жайды, Сөкенді сүйе-мелдеп, машинка қасындағы орын-дыққа отырғызды. Сөл үнсіздіктен соң, қиындыларды шолса сүзіп шыққан Сәрсен аға, тілі күрмеліңкіреп, дикто-васын бастады. Қалиманың квалиа-турада үзік-үзік сыртылдаған саусақ-тары бірте-бірте ойнақши бастады, шамасы Сәрсен аға ұйқысынан оянса керек. Бірақ, ол ойнақшу ұзаққа бармады, бір кезде ағамыздың үні шықпай, Қалима Әлиге қарады, Әли қырлы станкаға құйылған арақты ағаның алдына қойды, ол сылқыл-датып екі-ақ рет жұтқанда, станкан босап қалды, өлшеулі ғана дүние бол-са керек. Сөкең қабағын шытып, Әлиге көз салды, Әли машинканы ымдады. Қалиманың саусақтары клавиатурада қайтадан ойнақши жөнелді. Бірінші хатшы ертесіне Әлиге сөзді өдемі дайындағаны үшін алғыс айттыпты деп естідік. Қайран Сөкен, құдай берген талантын талақтап өтті ғой.

Аға қысқа өңгіме жазудың да шебері еді, бірақ ол өнін көсіп етпеді. Бірде, бөлмеде үш-төрт адамдық, тыныш-ақ Сөкенің мырс еткен күлкисі бұ-зып жіберді. Елең ете қалдық. Ағаның қараторы жүзі қызғылттанып, алдын-дағы қағазға үңіліп отыр. Өзі жазғанын өзі қызықтайтын өдеті бар еді, бұл жолы, атағы дүрілдеп басса керек. Нұрланып сөл отырды да, жазғанды-рын ұмжадап, үстел астындағы ыдыс-қа лақтыра салды.

– Аға, неге лақтырдыңыз, оқуға бола ма?!” – дедік әуестігіміз ұстап.

Жауап берудің орнына ол:

– Жаңа радионы тыңдадыңдар ма?

– деп қарсы сұрақ қойды.

– Жоқ.

–Радиодан тыңдаушылардың хат-тары бойынша концерт берілді ғой.

– Ал ...

– Сөкенге келген шал кемпірінің ту-ған күніне арнап радиодан өн орын-дауды сұрапты. Өн орындаушы: “Сүйемін сені, сүйкімдім менің” деп белгісіз бір сазгердің өнін шырқап тұр. Кемпірі қалай қабылдады екен деп күлкі қосқаны ...

Берімзді де күлкі бұып:

– Е, несі бар, махаббат жас тал-ға-майды ғой, – деп жарыса мәз болдық.

Сөкен, ерінбей-жалықпай, ұмаж-далған қағазды алып, бізге оқып берді де, қайтадан лақтыра салды. Өп-өдемі жазылған “Радио алдындағы концерт” деп аталатын өзiл өңгіме қоқыс арасында кете барды.

– Күрекеннен шығады, – деп тағы күлімісіреді Сөкен.

Сөкенің “Күрекен” деп отырғаны Құрал Тоқымырш. Берсеев атындағы колхозда тракторшы болып жұмыс істеп жүрген Құралды Табыл қояр да қоймай редакцияға қызметке алдыр-ған еді. “Өлең жазады, қаламының желі бар” деп Нүрекенді өптен үгіттеді. Ал, бас редактор онша ықыласы емес. Ол кезде редакцияға қызметкер алу үшін аудандық партия комитетінің келісімі керек болатын. Нұрымжан қасына бас редактордың орынбасары Жандай Төукебаевты қосып, бірінші хатшыға Табылдың өзін жұмсады. Табыл ағамызды бір ренішті сөтте: “Алды ауыр, сөзге сараң кісі ғой. Түйіліп отырды да, тапқан адамдарды сол болса, редакторыңа айт, өздерің шешіндер” деп орнынан тұрып кетті. Сөйтіп, қызметке алдыртып едім” дегізген Күрекен ғой. Аудандық байланыс торабынан радио хабарын беретін аздаған сағат бөлінген-ді, фотоаппр ретінде тіркелгенмен Күрекенге берілген тапсырма сол уақытты пайдаланып, хабар тарату. Сол хабарларының бірі Сәрсен аға-ның өзiл өңгімесін тудырып еді.

Өмірдегі қандай құбылысты болсын өркiм өзiнше қабылдайды. Күрекендi Отар Құлипанов ағамыз: “Сары трак-торын дұрыстап жүргiзе алмай, ұрыс-тан арылмаған Құрал ма жазушы, онда сол жазушылықтың өзi онша қастерлiтiнiң кесiп болмады ғой” деп кекете түйреп отыратын. Отекең Бер-сеев атындағы колхозды басқарды да, Құрал сонда трактор айдады. Жағас-бай ағаның Отекеңе арнаған мынадай өзiл шумағы бар: “Ақша ағаң ақкөңiл ғой аңқылдаған, Қияқбай қытымырлау қайтып алдаған. Шаруаның шежіресi Отаржан ғой, “высильды” бастауыш-пен алқымдаған”. Айтса айтқандай, бастауыш бiлiммен-ақ, қоян жылының “қырығынан” төлтiркетiп шыққан шаруашылыққа директор болып ба-рып, аз жылда оны облыстағы алдың-ғы қатарлы шаруашылық деңгейiне көтерген Отекеңе қалай айтсаң да жарасады. Шаруашылық “Құрмет белгiсi” орденiмен, өзi Ленин орде-німен марапатталды. Әдебиет “шежі-ресiн” тарқапта алмағанмен, “Шаруа-ның шежіресiн” бес саусағындай бiлетiн Орекеңе не сын бар. Құрал да өз жолын өзi бiледi. Романдар мен өңгiмелердi бiрiнен соң бiрiн жария-латып, “менiмен де санас” дейтiн қаламгерге айналды. Шымшыма сөздерiнiң бiразы ауылдастарының есiнде қалды.

1967 жылы-ау деймiн. Облыс орта-лығында журналистердiң үлкен бас қосуы болды. Республикалық деңгей-

(ӘССЕ)

дегі бас қосу. Мерзімдік басылым-дардың беделі шарықтап тұрған кез. Бас қосуға “Правда” газетінің Қазақ-стандағы меншікті тілшісі Степнов қатысатын көрінеді деген сөз гу-гу етеді. Қазір меншікті тілші түгіл, сол кездің тілімен айтқанда, “Правда” газетінің Бас редакторы қатысады деп те ешкімді селк еткізе алмайсың. Сонымен, редакторымыз Нұрымжан, редактордың орынбасары Жандай, радио тілшісі Құрал ұятыр редакция-ның салдырлақ “Газигімен” жаңағы бас қосуға кетті.

Олар жолшыбай бір аға шопанның үйіне түнейді. Шопан егде тартқан кісі екен де, бөйбішесі өзінен өлдеқайда жас, көрікті әйел көрінеді. Есімі Көкі-тай. Нұрымжан ағамыздың да қырық-тың қырқасына шыға қоймаған кезі. Шей үстінде кесесін ұсынған сайын: “Көкітай қызылын молеяр”, “Көкітай кішкене қаймағынан” деп Көкітай сөзін мөнерлеп қайталай береді. Ертесіне, таңғы шөй алдында, таза ауада тұрған Нүрекең аулада баллаңдап жүрген үйректерді, үйқылы ояу күйінде бай-қамады ма, “мына тауықтардың семі-зін-ай” деп қалады. Өрі қарай жолға шыққан жігіттерге ермек керек, шөпір-дің қасында отырған Нүрекен Құрал-ға: “Сен осы ақыңсың ғой, қане, маған өлең шығаршы” дейді. Күрекен мы-ғынан күліп, аяқ астынан: “Үйректі үйрек демей тауық дедің, түнімен арақ ішіп ауып па едің. Біреудің келіншегің көйтайлап, Нүреке неткен өзiң қауіпті едің” - дейді. Ол ол ма, қызықтың көкесі кейін, қонақүйде болады. Нұрымжан мен Құрал бір бөлмеге орналасады. Үлкен бас қосу. Газеті-міздің облыста мақталып, ауыздан түспей тұрған кезі. Облыстық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Нүрекең: “Тәжірибелерің бар, танылып қал, бас қосуда сөз сөйлейсің?” - дейді. Қандай жиын бол-сын, оған жалғыз адам қатысса да, ол орысша өтетін кез, ал Нүрекеннің орысшасы таяз және мынадай алқапы жиында топ алдына шығу ... Редак-торымыздың жон еті жыбырлап қоя береді, бірақ басқа жоқ, хатшы айтты, бітті, көнесің ... Жиын алдын-дағы түнді кейін Құрал былай еске алып, берімзді қыран-топап күлдірген-ді. “Ертең жауапты басқосу болған соң ерте жатып қалғанбыз. Түн ортасында Марусям түсіме кіріп (*Маруся өйелі* – С.Б.), құшақтайын деп қолымды көте-ре бергенім, саусақтарым қабырғаға тиіп, оянып кеттім. Ұйқымды аша алмай жатқанмын, бір кезде: “Товари-щиц!” деген дауыс саңқ етті. Шошып, көрпенің астынан дауыс шыққан-да жасқа сығалап, көз жүгірттім. Нүрекен, шарайнаның алдында тұр. Ақ көйлек, қара костюм, қара галстук, бұтында дамбал. Нағыз мінбедегі көрініс. Ертеңгі сөздің дайындығын тұн орта-сында, бөлмеде қызу басталып кет-кенге ұқсайды. “Товарищи” деген сөзді мың құбылтып қайталайды. Қасында стакан болмаса да, су ішкен қымды да ұмытпайды. Қызықтап жаттым да, шыдай алмай: “Нүреке, ұйқатпаңды ғой” дедім. Нүрекен жалт қарап: “Өй, Ал, сен ұйықтап кетпеп пе едің” дегені”.

“Еңбек таңы”, “Ойыл” сол кезде со-лай аталатын, табалдырығынан ат-қаған алғашқы басылым да, Нұрым-жан Жұмағалиев менің ұзақ жылғы қаламгерлік тәжірибемдегі алғашқы ұстазым. Өмір көп нәрсеге үйретті, көп басшының алдынан өттім. Қанша қарапайым болса да, Нүрекеннің мектебін кейінгі үлкен мектептердің ешқайсысынан кем көрмеймін.

Өмірлік кәсібіме қадам басқан кездегі жастық алып-ұшпа көңілмен ортаға тез бейімделгің келеді. Ал, ол ондай емес, Қалештің берімзідің зәре-мізді ұшырған ең бірінші нөмір өзір-леңіп жатқан ең алғашқы сынақта-ақ оңбай құладым. Бас редактордың орынбасары Жандай бір тақырып берді де, “бес жолдан асырма” - деді. Бес жолдың қандай болатыны маған белгісіз, қысқа жазсам тақырып ашыл-май қалатындай, өдемі сөздерді ойла-ша тергілеп өлекпін. Жандай екі келіп, “бұл суреттеме емес, жәй хабар ғой” - деп екі қайтара ескертті. Ақыры, қол-ың бар сілтеді де, өз сүйкейі салды. Жалпы, журналистің өзін өр сөзге ерекше мән беріп, шүйлігу мен қысыл-пай, ойға еркіндік беру арасында қалыптастыруына талай рет көз жеткіздім.

Нүрекен, сырттай өте сак, кейде тапсырмасын қайта-қайта тексеріп, мазасыз жандай көрінетін. Кейін байқадым, керек жерінде шешім қа-былдауға батыл башы екен және тапсырмаға ынтамен кіріскендігі көрсе, тіпті жайсаң, алыстан ғана көз салып қояды. Облыс орталығынан үш жүз шақырымдай жердегі, шылқанда, ескі автобуска, көбіне ПАЗ, жолау-шылар сиса сиды, сисама ашу мен іреніштен булығып, адами “цензура” қойылған сөздердің біразын бұрқы-ратып, бүлкан-тапқан үйіне қайтатын жағдайдағы, темір жол тартылмаған, ұшақ ұшпайтын шалғайдағы өңірге газет-журналдар, пошта хабарлары да кешігіп жетеді. Аудандық газет ұжымы да мына дүниеде болып жат-қан жаңалықтарды кешігіп естиді. Шаруашылығы қамды болса басқа көп ауырмайтын Отекең сияқтылары болмаса, жаңалық жарышысы редак-ция ұжымына бұл жараспайды. Бірде былай болды, жаңалыққа құлағы елеңдеп жүретін Идощ. “Сырым, бүгін

ғарышкерлер ұшты ғой, КазТАГ-тан хабар келгенше қашан, давай радио-дан тыңдап, өзіміз жазып алайық” - деді. “Жазғанда не істейміз?”. “Газетке береміз”. “Кім оған рұқсат етеді, ресми хабарлар тек КазТАГ-тың құзырында, бөлеге қалмаймыз ба?”. “Жоқ, ә, ондағылар да біз сияқты байланыс желісінен алып, бізге жөнелтеді, біз де сол байланыс желісін пайдаланамыз, тек мұқият жазып алу керек”. Ойланып қалдым, солай ма, солай емес пе, білмеймін, бірақ “ондағылар да біз сияқты байланыс желісінен алып, бізге жөнелтеді, біз де сол байланыс желісін пайдаланамыз” - дегені, жылндап тұрған кезіміз ғой, намы-сымды қозғап жіберді, “давай” дедім. Деуін дегенмен, үстімізде бастығмыз отыр, Нүрекен: “Болмайды” - десе, қайтеміз?! Жоқ, ол мәрттік жасады, “Жақсы, жазып алыңдар” - деді. Сонымен, ғарышкерлер ұшты, Мәс-кеуден хабар берілді, хабарды жазып алдық. КазТАГ-тан келгенше ол хабарды газетімізге жариялап та жібердік. Белсенділік те жақсы-ау, бірақ құзырымызда жоқ үкімет ісіне бүйірден араласқандай жүрегіміз лүпілдеп, байқамай қалыппыз, хабар соңында орындалған “Кеңес Одағы-ның гимні”, өлде “Интернационал”, қазір есімде жоқ, екеуінің орнын ауыс-тырып алыппыз, яғни “Кеңес Одағы-ның гимні орындалды” дедудің орнына “Интернационал” орындалды” деппіз немесе керісінше хабарлаппыз. Оны естігенде жүрегіміз зірк ете түсті. Бірақ, ол іпе-шала басылды. Эфирден берілген: “30 июня 71 г. Все находи-вшиеся на борту корабля «Союз-11” космонавты, командир корабля Георгий Добровольский, инженер-иссле-дователь Виктор Пацаев и бортин-женер Владислав Волков погибли во время возвращения на Землю. Причи-ной катастрофы стала разгерметиза-ция спускаемого аппарата, которая произошла из-за преждевременного раскрытия клапана дыхательной вентиляции” деген хабар төбемізден жық түскендей әсер етті. Дегенмен, өткен нәрсе өтті, беріріп құндылікті тіршілік өз жолымен жалғаса береді, ал редакциядағы жұмыс сырттай бұйығы көрінгенмен, ішпей бұрқ-бұрқ қайнап жатады. “Ана өлгендердің су-реттері қайда, келіп пе?” деген дауыс-қа жалт қарасақ, Нүрекен, Ғарышкер-лер емес, оның ішінде Пацаев жер-лесіміз, ақтөбелік, колхоздың бір бұқасы өліп қалғандай, жүзі байсал-ды. Күлермісін, жылармасың?! Иә, өлер адам өлді, біздің қайырығымыз кімге керек, ал газеттің бірінші беті ғарышкерлердің суретін күтіп, бос тұр, пошта жеткізе алды ма, жоқ па, кеші-гуе болмайды, қаралы хабарды суреттерімен бүгінген қалдырмай беру қажет.

Нұрымжан ағаны кейде түсіну қиын. Қызметі жоғарылар алдында өзін терезесі тең адамдай ұстамды ұста-ғанмен, қызметі төмен, мысалы аудандық партия комитетінің қатар-дағы нұсқаушысы келсе асты-үстіне түсіп, әбігерлене қалады. Бірде облыстағы тікелей басшысы Жүсіп Өлпейісовпен телефон арқылы сөз-лесіп отырғаны үстінен түстім. Нүре-кең орындағының арқалығын сынды-дып жіберердей шалқақып, достары-ның дастарханы үстіндегідей жай-дары отыр, тіпті ара-арасында өзiл-шыны аралас бұйрық райлы сөздерді де араластырып жібереді. Телефон тұтқасын орнына қойғаннан кейін, ағаға, жайыма қарамай өзiлдесетiнiм бар еді: “Нұраға, бастығыңыз емес пе, кішкене сыпайылау, былай ... қатар-дағы нұсқаушы келгенде ғой, бүйтіп шалқаймайсыз?!” - деп сұрақ қойдым. Аға жайыла күліп алды да: “Сырым-жан-ау, сен студент болдың ғой, аспиранттарға заңет тапсырып көрме-дің бе, жаныңды жеп жібере жаздай-ды. Ал, профессорлар ондай емес. Нұсқаушы да сол сияқты, және қасың-да, дікіндеп мазанды алады ... сон-дықтан дипломатия керек, дипло-матия ...” деп арқамнан қақты. Нұра-ғаңның “дипломатиясы” шынында кейде пайдаға асып кететінін кейін өмір де көрсетті.

Ұлғы да көпшілік арасында, кермегі бар, дүрмегі бар ірілі-уақты уақиға-ларға қоян-қолтық араласып кететіндік-тен, солардың бері журналист үшін тақырып, объект, яғни материалың-ның шикізаты болғандықтан қайсысын таңдарынды білмей миың ашиды. Мысалы, Табыл ағамыз өйтпейді, біресе қыздардың көрінуе қолаң, қою шаштарын кестіріп, шоштитып қой-ғанына “Кесілген бұрым” фельетоны-мен сын жebesін жaudырса, үстелге отырмай жерге жастанып тамақ ішкен-дерді де сықаққа айналдырып, өйтеуір қырықшақты кітаптың авторы, еліміз-дің танымал сықақшылар сарбазы, көптеген үкімет марапатының иесі. Ал, мен үйте алмаймын, өмірдің жақсы жақтарын көбірек көргім келеді, мөл-діретіп, соны жазғым келеді. Бірақ, қайда .а.. мен жақсы деп қабыл-дағанды басқалар жақсы деп қабыл-дамайды ... Ақыры, тақырып

қайтара болып, онда аға тапсырған құжаттармен таныстым. Қазір, біраз деректер жинақталды. Оның бір парасы «Ойыл» атты кітабымда жарияланды. «Егемен Қазақстан» газетінде Ишанбай аға туралы бір беттік материалым жарық көрді. Жақында, «Ана тілі» газетінің бас редакторы Қали Сәрсенбай ініміз «Сөке, Ишанбай аға жайлы естелік жазып берсеңізші» деген ұсыныс айтты. «Қали-ау, “Егеменде” жарияладым ғой” деп едім, “Ол кісі туралы көп айтуға болады ғой, мысалы юморының өзі неге тұрады” дегені. Сонымен, ағаның өмірдегі осы қырына арналған “Ертегі адам” атты эссем “Ана тілі” газетінің тұтас бетін алып, оқушы қолына тиді. Бұлар көңілге демеу болғанмен, ағаның тұтас бейнесін сомдайтын сүйекті дүние жазу ойымнан кеткен емес, оған қажетті материалдар толық дерлік қолымда. Осыдан оншақты жыл бұрын «Қазақстан» баспасының директоры марқұм Нұрмахан Оразбек ағамыз «Ғұбриатты ғұмыр» сериясымен баспаңның тақырыптық жоспарына енгізіп, министрлікке ұсынған еді. Өкінішке орай, еңбекке отырудың сәті түспеді. Енді, кеш те болса, сол мол дүниені қайтадан ой елегінен өткізудемін. Алла жар болсын деймін, басқа не айтамын. Ал, сахналанған тұңғыш драмалық шығармамды, жасандылығы тұнып тұрғандықтан, жылы жауып қойғанмын. Бұл, қалам ұстағанның дерті таусылмайды, соғыста мүгедек болып, массалық жегі оймен өз тағдырын өзі төлкеке салған жігіт пен таза махаббат дертіне ұшыраған әйелдің трагедиялық өмірі, бәрібір, ойымнан кетпеді. Жетпісінші жылдардың соңында-ау деймін, «Известия» газетінде генерал шенді бір ескери корреспонденттің, Кеңес Одағы Батырының, фамилиясын ұмыттым, тап осы тақырыптың қилды материалы жамалғандықтан. Қатты тебірентті. Қолыңнан келмесе, о баста қалам ұстамаған жөн еді, бірқат жандағы ала құйындай қайта-қайта оралып, сезім пернесін баса берген көңіл үйі, ақыры жарты ғасырдан кейін сол дүниедемі қайта қарауға, былайша айтқанда, мәжбүр етті. Жақында, «Жаным-ау, неге бездің зарықтырып?!» - атты шығармама нүкте қойдым. Өзірге суырмамда жатыр.

Бұларды ежіктеп отырған себебім, мұның бөрі сол аудандық газетте қызмет істеп жүрген кезде басталған шуақты күндер еді. Қазір ойлап отырсам, сол ағалардың қай-қайсысы болсын маған ерекше ыстық, өйткені ерқайсысы жеке мінез-болмыстарымен өмір деген құпия әлемге сын көзімен қарауға үйретіпті. Отандық өдебиеттен өлемдік әдебиетке дейінгі ғажайып кеңістікке қызығу сезімін оята білген Сәрсен Жұмағалиев, аудандық газетті шын мәнінде аудан айнасына айналдыра алған басшымыз Нұрымжан Жұмағалиев, ол өлке тануды да ұйымдастырушы, белгілі қазан төңкерісі кезіндегі оқиғалар жайлы республикалық газет-журналдарға мөлдіретін мақалалар жариялатты, аудандық газет редакторының орынбасары, кейінгі облыстық радио комитеті басшыларының бірі, дәлірегі бас редакторы Жандай Төкебаев, кейінгі облыстық «Ақтөбе» газетінің жауапты хатшысы, бас редакторы, Шығанақ өлемін кең шарлаған, ол туралы академиялық, тамаша танымдық дүниелер жазған, қаламынан өңірімздің ХІХ ғасырдағы тарихи оқиғаларын, оның ішінде ұлт-азаттық қозғалыстың белгілі басшыларының бірі Әзберген Мұнайпасовтың қиямет тағдырын кесібі тарихшылардай бағдандаған, атының өзі сөйлеп тұрған “Рухтың оянуы” атты кесек дүние туған Идош Асқар, аудандық партия комитетінің идеология саласын басқарған, өзі де қаламгер, “Ат үстіндегі аттаныс” атты шығармасымен белгілі Қарылға Кереева, басында айтқанымыздай, қаламын аға малып жазатын, қазақ сөзгағының атасы Асқар Тоқмағанбетовтен бата алған, батаның бағасын қадірлеп қырықшақты уытты дүниелерді өмірге әкелген Табыл Құлияс сияқты аға-апаларымыз шалғайдағы шағын аудан редакциясында қызмет бабында басы қосылған соң, редакцияның тұрмытайдың уясындай шағын бөлмесін шығармашып шалқар көңіл-күйге толтырмағанда кәйтеді.

Жарықтық, ауданның абызы, кезінде облыстық, тіпті республикалық ақындар жарысына қатысқан Жалғасбай Есенғалиев ағамызды жаңағы топқа қоспай, жеке атап отырмаын. Шағын бөлмеде үш-төрт адам отырамыз. Төрде Жәкен, сопақтау, аққұба жүзінен күліл арылмайды. “Қартың-қазынаң” - деп бекер айтылмайды ғой, өрине, Табыл ағамыз жиі қайталайтындай “Жұрттың Ыбырайы Ыбырай сияқты, біздің Ыбырай сұмырай сияқты” дегізбей Ыбырайымыз Ыбырай сияқты болып жүрсе ол да бір ғанимет емес пеі? Жазушылар арасында артық-ауыс сөздер жиі болып тұрады, бір қарт қаламгердің қияңқы әрекеттерінен қатты көңілі қалған белгілі жазушы Сәкен Жүнісовтің, Сәкен серінің бір алқалы жында: “Осы біздің қарттарымыз дұрыс қартап да бил-

меді-ау” - дегені де бар еді. Ал, Жәкен сондай жайсаң, ол біздің қазынамыз, шамасы артық-кемімізді сырттай таразылап отырады-ау деймін, ақыл-кенесі жүрегімізге қона кететін. Кейін туған ағам Ысқақ Бақтыгереев аудандық ақсақалдар алқасын басқарғанда, Жәкен екеуінің жұбы жазылмайтын. Өртүрлі жауапты басқосуларда, ақсақалдық пайым-шешім қажет кезде Жәкен ізделетін. Аудандық партия комитетінде қызметке мейлінше ұқыптылығымен, айналасына шуақты мінезімен айрықша құрметтелген Айсә Сүкашев, Бернияз Аманғосов сияқты ағаларымыз болып еді. Бекеннің, Бернияз ағаның өр дастарханның өзіндік табиғатына орай, жаттанды емес, көкірегінен құйылатын баталары елде аңызша айтылатын. Жалғасбай аға сол қазыналы қарттардың өкшелес інісі де, біздің жастық көңілмен маңдайымызды тірер абызымыз еді.

“Айтулы Біржан салдың өзі болдым. Аузында жақсылардың сөзі болдым” - деп кейде шалқып-шалқып алатын. Шалқыса шалқитын жөні бар. Республикалық айтысқа кім болса сол қатыса бермейді ғой, және талай алқалы жиынды суырып салма жырымен ашқан Жалғасбай аға, бірде сыйлықтан қаққан бастығын:

“Хат жаздым, інім, өзіңе арнап, сыйлы құн,
Өтеді бастан, өтеді талай қилы күн.
Ағаңды жеңгең қуырып жатыр қазанаң
Басқаға жазған ағаңа жетпей сыйлығың,
Төгілер жырым көмейден аққан бұлақтай,
Қаларсың мүмкін ағаңның сөзін ұнатпай,
Толар-ау бір күн сыйлықтың орны өлеңмен,

Інілер жүрсе, ағаның көңілін суалтпай” деп мақтамен бауыздағандай шумақтарында зіл, ашу емес еркелі-наз есіп тұр емес пе!? Жалпы жүрегі жылы, сезімтал жанның ыстық лебің-дейі:

“Денесі тал шыбықтай талма келсін,
Ажары ақша қардай бейне дерсің.
Қой кезді, бидай өнді, қиылған қас,
Ажарын көрген адам болғандай мас.

Жұмыр бел, ителгі көз, жазық маңдай,
Шаршадым талай топтан мен таба алмай,

Көргенде отты көз бен аппақ түсін
Жас жүрек шыдар ма оған күймей,
жанбай” деген жыр жолдарын сүйсінбей оқу мүмкін бе?

Сол күндерді еске алсам, сол ағаларымның бейнелері көз алдымнан кетпей, ел аузында жүрген бір төпсілге көңілім құлай береді. Қай ауданда, қай қарттың аузынан шықты, бір құдай біледі, біреу Байғанин ауданын, біреу Ойыл ауданын атайды. Бірақ мәселе, тіпті де онда емес, ауданның өуе-жайында бір қарт пен аудан басшысы кездесіп қалады. Сыптай киінген қартқа аудан басшысы: “Ақсақал көп болсын, үлкен сапарға шыққан сынай-лысыз ғой?” - деп өзілдепті. “Айналайын, сыптай киінбей қайтейін, Шалқар ауданында секретарь туатын кемпір бар деген соң соған сөз салғалы жүріп бара жатырмын” - депті қарт жұлып алғандай. Аудан басшысы Шалқар ауданының тумасы екен, үндей алмай қалыпты. Сол кезде облыстық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімін Хайролла Иманалин деген азамат басқаратын, Шалқар ауданының жігіті еді, облыстың “майлы орындықтардың” шалқарлық жігіт-меленіп алған-ды. Бұл да бір өмірдің зандылығы, ашынасың ба, асыласың ба, өзің біп, ештеңе өзгере қоймайды. Ақиқат бөрінен күшті. Сол кезде соған ұқсас, “Ойылда журналистер туатын кемпір бар көрінеді” деген өңіме де анда-санда естіліп қалатын. Жастықпен мән бермейтін едім, байқастанам, онда шоғырдықты ұшығы жатыр екен. Оған жындыда аталған ағаларымың өз алдынан бір-бір тұлға екені куө. Дөй тұрғанмен, “көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе”, сол “көк дөнен көңіл” аудан кеңістігіне симай, астанаға тартты да тұрды. “Лениншіл жас” газетінің Батыс Қазақстан облыстарындағы меншікті тілшісі Фариза Оңғарсынова “Пионер” журналына бас редактор болып орналасыпты да, орны босапты. “Лениншіл жастың” беделі дүрілдеп тұр, табалдырығынан аттауға “жүрек жұтар” батылдық керек. Ал, Фариза Оңғарсынованың, оның алдында сол өңірде тілші болған Әнес Сараевтың есімдері ел аузында, қаламгерлік мектебін қалыптастыра бастаған дарындар. Солардың ізін басын, ісін жалғастырудың түйекелі өз алдына бір асқар тау. Дегенмен, “түекел ет те тас жұт”, мұндай мүмкіндік кездесе бермейді. Ағам Бақыт аудандық тұтынушылар одағында бас есепші болып қызмет істейтін, одақтың Алматы түбіндегі демалыс үйіне жолдама алып берді де, төрт жарым жыл қызмет еткен ұжымыма “қош, аудандық газет” деп, астанаға тартып тұрдым. «Мен келдім “Лениншіл жас», қабыл аласың ба? - деймін іштей жүрегім лүп-лүп.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ «ХҚО» МОБИЛЬДІК ҚОСЫМШАСЫНАН АЛА АЛАДЫ

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп, «ХҚО» мобильдік қосымшасын енгізді. Ол қазақстандықтарға мемлекеттік қызметтерді смартфондағы бейне-қоңырау функциясы арқылы алуға мүмкіндік береді.

«ХҚО» қосымшасы арқылы Ақмола, Қостанай, Қызылорда және Павлодар облыстарының операторлары пилоттық тәртіпте клиенттердің қоңырауларын қабылдап жатыр.

2021 жылдың қыркүйегінде «ХҚО» мобильдік қосымшасы арқылы пилоттық режимде көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізімі бекітілген. Олардың арасында сотталмағандығы туралы анықтама алу, зейнетақы қорынан үзінді көшірме алу, жылжымайтын мүліктің бар екендігі туралы анықтама алу және тұрғылықты тіркеуден шығару сияқты т.б. қызметтер бар.

Қосымшаның тағы бірнеше қосымша функционалы бар. Клиент ХҚО-ға кезекке тұрып, QR-кодтың көмегімен талон ала алады, бөлімшенің жұмыс

АДАМ ӨМІРГЕ ДЕГЕН ҚҰШТАРЛЫҚТЫ ҚАЛАЙ ЖОҒАЛТАДЫ?

БҮГІНГІ ТАҢДА БҮКІЛ ӘЛЕМДІ ЕЛЕНДЕТІП, ҚОҒАМ ДЕРТІНЕ АЙНАЛЫП ОТЫРҒАН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ӨЗ-ӨЗІНЕ ҚОЛ ЖҰМСАУЫ – ДҮНИЕ ЖҮЗІНДЕГІ ЕҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ БІРІ.СУИЦИДТІ ЗЕРТТЕП ЖҮРГЕН МАМАҢДАРДЫҢ ПІКІРИНШЕ, ДҮНИЕЖҮЗІНДЕ ӨРБІР 20 СЕКУНД САЙЫН БІР АДАМ ӨЗІНЕ-ӨЗІ ҚОЛ ЖҰМСАЙДЫ ЕКЕН.

Тіпті жылына 1 миллион адам өзін аңалға қиып, шамамен 20 миллион тұрғын маманмен мәңгілікке қоштасуға өрекет жасайды. Әсіресе, бұл дерттің жасөспірімдер арасында кең етек жайғаны алаңдатады. Оған жасөспірімдік «өтпелі» шақта кездесетін қиындықтарды көтере алмау, айналадағылармен тіл табыса алмау, бала психологиясының толық қалыптаспауы, т.б. жағдайлар себеп болуда.

Суицид - адамның өзіне-өзінің қиянат жасап, өз өмірін қиюы. Бүкіл өлемдік денсаулық сақтау ұйымының жұртшылыққа жариялап отырған жан түршігерлік мәліметтерінен Қазақстанда жасөспірімдер арасындағы суицид оқиғаларының көбее түскендігін, өзіне-өзі қол салуға көбінесе олардың заң бұзуы, қылмыстық жауапкершілігі алдында үрейленуі, шыдамсыздығы, төзімсіздігі, қорқақтығы, сабақ үлгерімінің төмендігі, қызығушылық деңгейінің нашарлығы, көңіл күйінің болмауы, тез ашулануы және төбетінің төмендігі себеп болып отырғаны баршамызға аян. Жасөспірімдер арасында кездесетін суицидтердің ең жиі кездесетін себебіне мыналарды жатқызады:

- Сүйікті адамын жоғалту.
- Шектен тыс қалқырау жағдайы.
- Өзіндік қадір-қасиетін осал сезіну.
- Өзін-өзі өлтірген адаммен өзін төңестіру.
- Өртүрлі сылтаулар бойынша туатын қорғаныш, ызалану мен жабырқаудың өр алуан формалары.
- Жасөспірімдер арасындағы суицидті мамандар өтпелі кезең мен баланың жас ерекшелігімен байланыстырады.

Баланың өзіне-өзі қол жұмсау жағдайы ойлап жүргенін қалай білуге болады?

Ол депрессиялық жағдай, күні бойы төсектен тұрмайды, жылайды, ешнәрсе жемейді және ешкіммен сөйлескісі келмейді. Бұл жағдайда «не болды?» - деген сұраққа жауап алуға тырысудың қажеті жоқ. Балаға егер ол сізбен сөйлескісі келсе, қай кезде де тыңдауға және түсінуге дайын екеніңізді айтыңыз, тіпті ол қорқынышты, ұнамсыз, ұятты туралы болса да. Оны қараусыз қалдырмауға тырысыңыз. Дене түйсігі арқылы жалғасу өте маңызды: оны арақадан қағыңыз, құлақтаңыз, сүйіңіз;

Бала айнаға қарауды қойса, өрі өзін «ұқсынсыз», «семіз», «көріксіз» және т.б. деп атап, айтуға ұялмайтын болса... Оны «Сен сұлусың» деп илан-дырудың қажеті жоқ, одан да осындай ұзын мұрынмен немесе толық дене-лермен жетістіктер мен атақтарға қол жеткізген танымал адамдарды мысалға келтіріңіз;

Ол бұрын өзін қызықтырған нәрселердің бөріне қызығушылығын жоғалтса;

Бала сізден немесе сіздің жақын туыстарыыздан өз өмірлерін өзіне-өзі қол жұмсаумен аяқтай алар ма едіңіз деп сұрайды Бұл жағдайда онымен суицидке деген өзіңіздің пікіріңізбен ашық бөлісіп, баланың мақсаты бойынша алаңдаушылығыңызды айтыңыз.

Ол егер жоғалып кетіп жүрсе, барлығына да оңсыз жаңіл болатындығы туралы жиі айта, оған қарама-қарсыны дәлелдеу қажет, оған деген өзіңіздің сүйіспеншілігіңізді және оларға оның қымбат екені туралы айту керек;

тәртібі мен мекенжайын біліп, қажетті байланыс ақпаратын таба алады.

«ХҚО» мобильдік қосымшасын Play Market-тен жүктеп алуға болады және жақын арада App Store-да пайда болады. Өзірге бета-нұсқасы қолжетімді, бірақ қазақстандықтар қосымшаны қазірдің өзінде пайдалана алады. Біз сондай-ақ қосымшаны сынақтан өткізген арнайы фокус-топ құрдық. Тестілеу қорытындысы бойынша фокус-топ қатысушылары кейбір техникалық мәселелер бойынша өз ұсыныстарын айтты. Функционал пысықталып, көрсетілетін мемлекеттік қызметтер саны толықтырылатын болады. Бұл қосымша – ХҚО жұмысының жаңа форматы—деді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының басқарма төрағасы Әділ Қожықов.

Қазіргі уақытта «ХҚО» мобильдік қосымшасы мыңнан астам қазақстандық жүктеп үлгерді.

Сауле ХАМИДОЛЛА, «Азаматтарға арналған үкімет» Ақтөбе облысы бойынша филиалының ресми өкілі.

БАЛАЛАРЫҢЫЗДЫ ҚАРАУСЫЗ ҚАЛДЫРУҒА БОЛМАЙДЫ!!!



Қазіргі заманда өмірге қауіп төндіретін жағдайларға тап болу өте жиі кездеседі. Балаларды далаға ойнауға, қонаққа жібергенде немесе үйде өздерін қалдырғанда олармен еш жамандық болмайды және олардың өміріне ешқандай қауіп жоқ деп үміттенеміз.

Өкінішке орай, статистика балалардың кесірінен болатын өрттер, балалар өлімі орын алып жатқан өрттер жиі болып жатқанын көрсетуде. Балаларға өрт қауіпсіздігі жайында не білу қажет? Қай жастан бастап балаларды өрт кезінде емес, жану жағдайы кезінде өзін ұстау ережелеріне үйрету керек? Осындай сұрақтардың жауабы бір: балалық шақтан бастап балаларды өрт қауіпсіздігі ережелеріне үйрету керек. Мұндай ережелерді балаларға өз іс-әрекеттерін түсіне бастаған шақта үйреткен дұрыс.

Баланызбен ашық әңгімелесу үшін бірнеше минут бөліңіз. Балалармен өрт қауіпсіздігі туралы әңгімелесуді ерте жастан бастау керек. Балаға өрт «грамматикасының» негіздерін түсіндіру үшін 3-4 жас оңтайлы деп есептеледі. Бастысы балаға ашық от өте қауіпті екенін, от жарақаттайтынын, ауырлатынын, тіпті адам өліміне өкөп соқтыру мүмкін екенін түсіндіру қажет.

Бала жану және өрт жағдайларын болмау үшін өзін қалай ұстау керектігін немесе жану кезінде не істеу, істемеу керектігін білуі тиіс. Өрт шыққан кезде қалай абыржу қалмау керектігін балаларға үйрету біздің міндетіміз. Көбіне балалар өрт шық-

қан жағдайларда үрейленіп тығылып қалады. Мұндай жағдайда не істеу керектігін, өзін қалай ұстау қажеттігін және өзіне қандай қауіп төніп тұрғанын білмеуінің себебінен бала өзін осылай ұстайды. Білім жоқта үрей туындайды. Ең бастысы үрейдің болмауы. Байсалды болсаң және ақылмен әрекет етсең қауіптен құтылу оңай. Үрей мен сасқалақтау – бұл үнемі ақылды шешім табу мүмкіндігін жоғалтады. Тұрмыстағы өрт қауіпсіздігін ережесін ұстану арқылы, өз балаларыңыздың қауіпсіздігін қолға алыңыз. От, газ, су және тұрмыстық химияны қауіпсіз пайдалануды өз мысалыңызда көрсете отырып, балаңызға қауіпсіздік мәдениетін үйретіңіз. Есіңізде болсын балаңыздың қауіпсіздігі тек сіздің қолыңызда екендігін ұмытпаңыз.

Баланыздың өр басқан қадамын қадағалаңыз, қайда және кіммен болатынын, сіз жұмыста болғанда, күні бойы қандай іспен шұғылданатынын сұраңыз. Кешкі уақытта көшеде баланыздың қадағалаусыз жүруіне жол бермеңіз. Балаларыңызбен жолға шыққан уақытта, автокөлік ішінде балаларды тасымалдау ережелерін қатаң сақтаңыз. Өз балаңызға жол жүру ережесін үйретіңіз.

Жалпы қауіпсіздік ережелері мен нормаларын ұстану өз қауіпсіздігі, денсаулығы мен өмірі үшін қажет екендігін балаңызға түсіндіріңіз. Өрт қауіп туралы ешқашан есіңізден шығармаңыз және сізбен мұндай болмайды деген ойдан аулақ болыңыз!!!

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

ЕСКЕ АЛУ

Шұбарши ауылы, Тұрғалиев Мұхамедияр Тұрғалиұлы . (15.11.1951 ж - 10.12.2020 ж)



Үлгі етіп өркез жүрші ең өке сөзіңді, Сол күнді аңсап жан-дүнием тағы езілді. Асқар тау өкем, заңғар шыым ең ең биік, Сағындық өке, сағындық өке өзіңді. Құшақтап қысып алушы едің қойыңа, Дейтіңсіз бізге өмірге мынау мойыма. Есіктең кіріп келердей елегі етеміз, Жиен немерелерің асылар еді! мойныа. Өкешім сені сағындық ұл мен қыз болып, Өзіңсіз көктем көңіліміз қалды күз болып. Өзіңсіз өке бір жылда өтті тоқтаусыз, Ұлдарың қалды қарашаңыраққа із болып. Өкешім өр кезде де бағалы едің, Бағалы едің көздегі жанар едің. Жанымыздан жыраққа кеттің өке, Тірі болсаң 70 ке толар едің.

Жүз жасыңызды көру еді ғой арманым, Көрсетті өмір бірақта тағы жалғаның. Өкешім сені сағынып еске аламыз, Нұры жаусын тек жаратқан ием Алланың.

Еске алушылары: жубайы Күлсіп, қыз-күйеубалалары, бала- келіндері, немерелері, жиендері.

Ардақты өкеміздің 1 жылдық садақасы қара шаңырағында өтетіндігін хабарлаймыз!

Ж.Жүсіпалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы мектебіміздің мұғалімі Байманова Алиға қайын енесі **Мәдинаның** қайтыс болуына байланысты ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады

Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі, осы бөлімде басшы болған **Наубетов Дулат Набиұлының** кенеттен дүниеден озуына байланысты, отбасына қайғырып, көңіл айтады.

Ойыл аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі, ауыл шаруашылық саласында көп жылдар қызмет еткен, осы бөлімде басшы болған **Наубетов Дулат Набиұлының** мезгілсіз дүниеден озуына байланысты, отбасына, ағайын-туыстарына қайғырып, көңіл айтады.

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы, Ойыл аудандық ауруханасының лаборанты Максимова Индираға және отбасына ардақты атасы **Дулаттың** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы өріптесіміз Дулатұлы Дәулетке өкесі **Дулаттың** қайтыс болуына байланысты, ағайын, тұма-туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады

Ойыл аудандық ауруханасының ұжымы және кәсіподақ ұйымы, Ойыл аудандық ауруханасының кіші қызметкері Ташпенова Камшатқа және отбасына ардақты ағасы **Ерболаттың** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1546 таба. Тапсырыс №1146 Көлемі 1 баспа дана, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

ИГІ ІСТЕР КӨП БОЛСЫН!

БҮГІНГІ ҚОҒАМДА ИГІ ІСТЕР ЖАСАП, АУДАНЫМЫЗҒА ҮЛГІ КӨРСЕТИП ЖҮРГЕН КЕҢ ЖҮРЕКТІ АЗАМАТТАРЫМЫЗ ЖЕТЕРЛІК. МҰНЫҢ БІР ДӘЛЕЛІ - САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГИНІҢ «СПАРТА» ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫНЫҢ БАСШЫСЫ СПАРТАК ТӨРЕМҰРАТОВ. ӨДЕРБІСӨЛІН АТЫНДАҒЫ САРАЛЖЫН ОРТА МЕКТЕБІНІҢ 10 ОҚУШЫСЫ КҮЗГІ КАНИКУЛ КЕЗІНДЕ СПАРТАК МЫРЗАНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНА САЯХАТ ЖАСАДЫ. ОСЫМЕН ҮШІНШІ РЕТ ЖЕР АРАЛАТЫП ЖҮРГЕН КӨСІПКЕР НҰРСҰЛТАН, ТҮРКІСТАН ҚАЛАЛАРЫНДА БОЛҒАН. БҮЛ ЖЫЛ САЙЫНҒЫ ДӘСТҮРГЕ АЙНАЛҒАН ҮРДІС. ОҚУШЫЛАРДЫ САЯХАТҚА АПАРУДАҒЫ МАҚСАТЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨРІКТІ ҚАЛАЛАРЫН АРАЛАТУ, ЕЛ-ЖЕР КӨРСЕТУ, БАЛАЛАРДЫҢ БОЙЫН ЖАМАН ӘРЕКЕТТЕРДЕН АУЛАҚ САЛУ, БОС УАҚЫТЫН ЖӘНЕ ҚАҮІПСІЗ ДЕМАЛЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ. ЭСТЕТИКАЛЫҚ БАҒЫТТА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС ШАРА БАРЫСЫНДА БАЛАЛАР ҮШІН ЕКІ КҮНДІК БАҒДАРЛАМА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН. БІРІНШІ КҮНІ – АЛМАТЫ ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІНДЕ ЭКСКУРСИЯ ЖАСАСА, КЕЛЕСІ КҮНІ – АЛМАТЫНЫҢ ӨСЕМ ЖЕРЛЕРІН АРАЛАҒАН. БАЛАЛАРДЫҢ КЕЛҮІНЕН БАСТАП, ОЛАРДЫ ОРНАЛАСТЫРЫЛУ, КӨРМЕГЕ АПАРУ, ҚАЛАНЫҢ ІШІНДЕГІ САЯХАТ ЖӘНЕ ШЫҒАРЫП САЛУ ҚАТЫНАСЫНЫҢ БАҒЫТЫ БЕЛГІЛЕНГЕН.



«Жазда балалар бақшада жұмыс жасап еңбегінің рахметі ретінде іске асырылып отыр. Көктемде айтқан өдім егер бақша жақсы өнім беріп, пайда тиісизсе қыдыртамын деп. Өкінішке орай бақшада өнім шықпады, пайда көре алмадық. Балалардың үмітін аяқ асты етпейін деп қыдырып келдім. Саяхат барысында балалардың алған есегі өте тамаша.

«Атың барда жер таны, желіп жүріп дегенді қаражатым мен уақыты болса өзімде саяхаттағанды жақсы көремін. Көбісі демалыс десе неше түрлі ойындар ойнап, жаман

әрекеттермен айналысып кетеді. Демалыста жер танып, Қазақстанның қалаларын, шетелге шығып олардың тұрмыс-тұрғылығымен танысып, шипажайларға барып демалған дұрыс. Саяхаттағанда ең алдымен музейді көрсетемін. Балалар тарихымызды көрсін, білсін деймін. Тапқан табысымды тек қана өзіме жұмсай бермей, осындай игі істерге жұмсаймын. Ақшаңы үлестіруге болмайды, арамтамақтыққа үйретесің. Ізгі мақсаттарға жұмсап, өзін жақсы көрген нәрсеге үйретсең балаларда соған талпынады. Қазақ «Берсең, балаға

бер» дейді, сондықтан балаларды қолымнан келгенше демеп отырамын. Қазақстанның болашағы осы балалардың қолында. Олар шыны керек Ақтөбенің базары мен «Мега» ойын-сауық орталығынан басқа ештеңе көрмейді. Сол үшін ауыл ортасында ғана қалып қоймай, ел-жер көрсек екен, дүниетанымдары кеңейсе деймін. Жалпы мақсатымыз осы» дейді жеке көсіпкер.

Спартак Шеруенұлының басқа көсіпкерлерден ерекшелігі осында. Жыл сайын оқушыларды басқа қала-ларға қыдырту.

«Алға қойған мақсаттарымының бірі өз қызметкерлерімді шетелдерге қыдырту. Қалада қолдау көрсететін ауылдас ағам бар. Ауылда жастар орталығын салып жатырмыз. Жастардың баратын орны болу керек, ауылымыз қартайып, жастарымыз қалаға қарай кетіп жатыр. Мақсатымыз жастарды ауылға тарту, тұрақтандыру. Әртүрлі әлеуметтік жобаларымыз бар. Жаңа жылда жыл сайын ауылдың барлық балаларына сыйлық таратамыз. Құрбан айт кезінде балаларға тегін балмұздақ тараттық. Осындай әлеуметтік жобаларымыз баршылық. Қолымыздан келгенше ауылымызды көркейткіміз келеді».

Саяхатқа барған оқушылар арасында Ә.Дербісөлін атындағы Саралжын орта мектебінің 11 сынып оқушысы Карим Жақсыбаев алған есерімен бөлісті.

- Жолды есептемегенде Алматы қаласындағы демалыс 2 күнге созылды. Алматы қаласының көрікті жерлерін араладық. Алматы орталық музейі, Желтоқсан көтерілісі болған орындағы скульптураларға шолу жасадық. Аты алты алашқа анық Медеу муз айдынына бардық. Бірінші кезекте мыңға жуық баспалдағы бар тауға шықтық. Тегістік өңірде өмір сүретін біздер үшін бұл жер ерекше таңданыс тудырмай қоймады. Алып та асқақ таулардың жиегінде болып көру кішігірім арманымыз болғанын жасыра алмаймыз. Одан бөлек хайуанаттар бағы мен Алматы орталық паркінде аттракциндар мен ойын-сауық орталықтарында уақыт өткіздік. Алматының сәніне айналған Көктемнің аумағында табиғат пен қаланың сұлулығын қызықтап, естелікке суретке түсіп күн батырдық. Өркеніет пен мәдениет орталығындағы кең көлемді демалыс үшін Төремұратов Спартак Шеруенұлына барша оқушылар атынан үлкен алғыс айтамыз, жаңа бастамаларыңыз оң болаы. Бізде өз кезегімізде Спартак Төремұратовқа әрбір игі істер мен жаңа бастамаларыңызда сәттілік сәрік болып, отбасыңызға баянды бақыт пен бақ - береке келсін! -демекпіз.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.

Ойыл

Құттықтау

Құрметті Рысты Күмсіқалиқызы!

Сізді өміріңіздің ең асыл кезеңі, асқар бөлі – 60 жас мерейтойыңызбен құттықтаймыз! Осы қуанышты күні сізге деніңіздің саулығын, шаңырағыңызға ырыс байлығын тілейміз. Өрдайым осы тыңғылықты да тындырымды қалпыңыздан танбай, табыстан табысқа жете беріңіз. Отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ таймасын!

Ізге ниетпен Ойыл балалар – жасөспірімдер спорт мектебі ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы



«ДЕМЕУ» ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАСЫ ЕРІКТІЛЕРДІҢ ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТІ



«Демеу» әлеуметтік жобасы ден-саулық сақтау, құқықтық және психологиялық көмек саласында халықты қолдауға бағытталған. «Бұл өте маңызды жоба. Оған қоса ол Мемлекет басшысының Қазақстан халқына соңғы Жолдауында қойған міндеттермен үйлеседі.

Осы орайда, «Демеу» әлеуметтік волонтерлік жобасын жүзеге асыру мақсатында жуырда ауданымызға облыс орталығынан бір топ білікті мамандар келді. Оның ішінде психолог, заңгерлер мен дәрігерлер де бар. Жоба мақсаты-ауыл тұрғындарына қолдау, демеу көрсету. Сонымен

қатар әр сала бойынша тегін кеңес беру. Нақтырақ айтсақ, заңгерлік тегін көмек, денсаулық сақтау саласы бойынша дәрігерлік көмек және психолог маман көмегі. Мамандар ауыл аймақтарды аралап ауыл тұрғындарына қолайлы жағдай жасап, олардың көкейінде жүрген өзекті мәселелеріне кеңес берді. Шешілмеген мәселелерді облыс деңгейіне көтеріп, шешімін табатынын айтты. Аудан тұрғындары арнайы сауалнама толтырып, жеке кеңес алды.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.

Мәселе

БАЛАМ НЕГЕ СӨЙЛЕМЕЙДІ...?

БҮГІНДЕ «БАЛАМ СӨЙЛЕМЕЙДІ» ДЕП БӘЙЕК ҚАҚҚАН АТА-АНА МЕН БІЛГЕНІН АЙТА АЛМАЙТЫН БҮЛДІРШІННІҢ КӨБЕЮІНЕ НЕ СЕБЕП, НЕ ЖАҒДАЙ? БҮРЫН-СОНДЫ АТЫН ЕСТІП КӨРМЕГЕН МАМАНДЫҚ ТҮРЛЕРІ - ДЕФЕКТОЛОҒА ДЕГДАРЛЫҚ, ЛОГОПЕДКЕ ҚАЖЕТТІЛІК ҚИЯДАН ТҮЙНДАДЫ?

Кішкентай күнімізде үлкендер жағы «Кімнің баласысың?», «Жасың нешеде?», «Атың кім?» - деген сөздік құрақтарды қойып, «төтті» тілімізді қызықтайтын. Кім екеніміз, руымыз, жасымызды айту біз үшін қалыптас жағдай көрінетін. Ал, бүгінде бүлдіршіндеріміздің көбінен бұл жауапты алу қиын. Бал тілді балаларымыздың былдыр тілінің кешеуілдеп шығуы қалыпты жағдайға айналып бара жатыр. Бала тілінің дамуы күрделі процесс екендігі белгілі. Күнделікті тәжірибемізден көріп жүргеніміздей, соңғы уақытта бала тілінің кеш шығуы көп кездеседі. Бұл жағдайға мән беріп, дер кезінде дефектолог, логопед мамандардан кеңес алып отыратын ата - аналар да бар, керісінше 4-5 жасқа дейін «Өзі шығады» деп күтіп, баланы психикалық даму тежеулігіне жеткізетіндер де кездеседі. Бала ең алдымен ата-анасымен, отбасы мүшелерімен байланысады. Осындай кезде оны еркелету, бірге ойнау, жақсы көрген ойыншығын алып беріп, тығыз қарым-қатынасқа түсу маңызды. Ал, сөйлеу белсенділігінің төмен болуына түрлі жағдайлар әсер етуі мүмкін. Мәселен, психикалық дамуында тежелу бар балалардың тілінің дамуында кешеуілдік болады. Қатты қорыққаннан да сөйлемей қалуы мүмкін. Ата-ана мейіріміне зәру кішкентайларда да бұл құбылыс байқалады. Бұрын бала дүниеге келгеннен бесік жырын, өлдім айтып тербетіп, шақалалар қосыла үлдеп, алдымен өкелері баламен байланысқа түсетін. Ертегілер айтатын. Қазір бұл үрдіс кенжелеп қалған. Психологиялық тұрғыдан қарағанда алдымен импрессион сөз яғни түсіну қалыптасады. Содан соң

ғана экспрессивті сөйлеуі қалыптаса бастайды. Сол себепті бала өмірге келгеннен бастап онымен сөйлесіп, еш уақытта өз-өзімен ойнап отыруға жол бермей, ұдайы байланысқа түскен жөн. Кейбір балалардың байланыстырып сөйлеуі жақсы болады да, бірақ дыбыстарды бұрмалап айтып, айтқан сөзіне түсінбеуіміз мүмкін. Бұл дегеніміз балаларды шектен шығып еркелетіп, былдырлаған тілін қызық көріп ата-ана заттық атауларды мысалы, «лас» сөзін «какай», ыстық сөзін «үпі», іш де, кіш де «деген сияқты сөз тіркестерін пайдаланып, нәтижеде көп уақытқа дейін баланың сөйлеу тіліндегі дыбыстардың дұрыс айтылуының дамуын кешеуілдетуге жағдай жасайды.

Балаға үйде екі тілде сөйлесу де кедергі болады. Қазіргі таңда бала тілін дамытудың түрлі әдіс-тәсілдері дамыған. Мектепке дейінгі кезеңде балалардың қолдың ұсақ саусақ моторикасы мен қимыл-қозғалыстарын дамыту маңызды болып отыр. Мысалы, Су Джок терапиясы арқылы санамақтар айту. Бала сөйлеуін дамытуда саусақ жаттығулары, қуырмаш, ертегі, тақпақтар, жаңылтпаштар жаттау, бала тілін дамытып, сөздік қорларын байытуға бірден-бір ықпал етеді. Бұл жерден шығатын түйін, ата-аналар балапандарымыздың кеш сөйлеуін сыртқы фактордан емес, өзімізден іздеуіміз керек. Баламен жұмыс барысында ата-аналар көбінесе төмендегідей қателіктерді жібереді. Баламен ешбір қарым – қатынасқа түспеу. Көңілін ауламай, баламен сөйлеспеу. Естеріңізде болсын, егер баланың алғашқы жылдарында онымен ешкім сөйлеспесе, бала сөйлемейді. Тілдік

деңгейіңіз баланың тілімен бірдей болу қажет. Қарапайым, күрделі емес сөздерді қолдану, шектен тыс қамқор болу, бала бірнәрсені «М» деп сұраса, бере салуға болмайды. Көптеген ата-аналар тамақты ұнтап, езіп береді. Ал бала болса оны жұта салады. Яғни, шайнау бұлшық еттері дамымайды. Бала тілі 3 жасқа дейін шықпаса дабыл қағып, ата-аналар бірден дәрігер және логопед, дефектолог мамандарының көмегіне жүгінуі тиіс. Қандай қиындық болса да, күніне 1-2 сағат уақытты кез-келген ата-ана баласына арнауға тиіс. Бала 1 жаста 10-15 сөзді, 2 жаста 300-дей сөзді айтып, ал 3 жастан асқан кезінде еркін әңгімелесетін шамада болуы қажет. Алайда, бүгінде мұндай балалар сирек кездеседі. Бұрын логопед, дефектолог дегенді білмей-тініз. Ертеде бұндай жағдайда нағашы жұрты уақ малды жиінен ниетпен сойып, соның ішегімен баланың мойнын «қылғындырып» ырым жасайтын болған. Сондай-ақ, бүгінгі балалары ет жеп, сүйек мүжімейді. Сүйек мүжудің де тілдің шығуына үлкен септігі бар. Бұл кезде ауыз қуысының бұлшық еттері ширап, баланың қимыл-қозғалысы жаттығады. Құрт сору да сақаулықты тежейді. Топырақта ойнау да бала бұлшық етін дамытып, сөйлеуіне септігін тігізетінін көбіміз ескермей жүрміз.

Тіл мүкістігінен құтылу үшін грек философы Демосфен екі ұртына тас салып жүрген деседі. «Ұл мен қыздың қызығы - тілі анық шыққанша» деп бабаларымыз жырлағандай, тіл – ойдың жүзеге асқан формасы екендігін ескергеніміз абзал. Өлемдегі ең сөздік қоры бай біздің тіл. Болашағымыздың бүгінгі қиындығы – тіл мүкістігі әрбірімізді алаңдатуы тиіс!

Мәнсұлу ЖАНБЫРШИНА,
Мұғалім – логопед,
Ойыл селосы.

АЗАМАТТЫҚ ПАРЫЗ

Мемлекеттік тіл-мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс-қағаздарын жүргізу тілі.

Мемлекеттік тілді меңгеру Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы.

Сот жүйесіндегі мемлекеттік тілдің дамуы-сот төрелігін жүзеге асырудағы басты әсептіктердің бірі болып табылады.

Қылмыстық сот ісі мемлекеттік тілде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал қажет болған кезде басқа да тілдер

қолданылады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде қылмыстық процесті жүргізетін орган күдіктіге оның сот ісін жүргізу тіліне қатысты құжаттары мен міндеттерін түсіндіруге тиіс.

Өзінің бағытын нақты ұстаған сот жүйесі жылдар көруенін артқа тастап, жүргізілетін тегеурінді сот реформасының аясында биік асуларды бағындырды.

Сот жүйесінің негізгі мақсаты азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауға және Республика Конституциясының, заңдарының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің,

халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз ету болып табылады.

Дегенмен негізгі сүйенер-заң болса да, сот саласы мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеріп, қолданыс аясын кеңейтуге қатысты жұмыстарды тоқтатқан емес.

Осы мақсатта сот ұжымы полиция, прокуратура өкілдерімен, адвокат, заңгерлермен бірлесіп жиындар өткізіп, қазақ тілінде қаралатын істер санын көбейтуге барынша бастамашы болып келеді.

Ақтөбе гарнизоны әскери сотының сот приставы: Н. С.ҚЫДЫРҒАЛИ

ЖАҢА ӘЛІПБИ - ЕЛ ТАҢДАУЫ

БІЗДІҢ ӨЗ ТАРИХЫМЫЗДА, МЫСАЛЫ ФИЛОЛОГИЯ ТАРИХЫНДА ӘЛІПБИГЕ КӨШУ, ӘЛІПБИДІ ПАЙДАЛАУ ДЕГЕН ҰҒЫМ БҮРЫН-НАН БАР. ҚАЗІРГІ ЛАТЫНҒА КӨШУДІ СОЛ СТРАТЕГИЯЛЫҚ, ЕЛДІК МӘСЕЛЕРДІҢ АЯСЫНДА ҚАРАҒАНДЫ ДҰРЫС САНАЙМЫН.

МІНЕ, ТӨУЕЛСІЗДІК АЛҒАНЫ-МЫЗҒА 30 ЖЫЛ БОЛДЫ. ОТЫЗ ЖЫЛДЫҢ ІШІНДЕ БІЗГЕ ҚАНДАЙ БАҒЫТ, ҚАНДАЙ ҰСТАНЫМ КЕРЕК? БІЗ НЕНІ ТҮЗЕТУІМІЗ КЕРЕК? ДЕГЕН ОИҒА КЕЛЕТІНДЕЙ, ӨЗ ТАРИХЫМЫЗДАН САБАҚ АЛАТЫНДАЙ КЕЗЕНДЕ ТҮРМЫЗ. БІЗ КЕЗІНДЕГІ ӘЛІПБИ АЙТЫСТАРЫНЫҢ ДЕНГЕЙІНЕ ҚАРАЙ БІЛҮІМІЗ ҚАЖЕТ. ӘЛІПБИ АЙТЫСТАРЫНА АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҒЫ ҚАТЫСЫ.

Алаш зиялыларының танымы тұрғысынан қарасақ, бүгінгі латын негізді қаріпке көшуіміз тілдің табиғи дамуына мүмкіндік туғызатын жол деп ойлаймын. Жаңғыраған әліпби бөрібір жана күйде, жаңа қалыпта өрі қарай дами береді.

Қазақ жерінен табылған орта ғасырларға тиесілі «Орхон-Енисей жазулары», Қамбыл облысының Шу өңірінен табылған Жүсіп Баласағұнның «Құдатту білігі» біздің жазу мәдениетіміз ертеден басталғанын көрсетеді. Ал «Орхон-Енисей жазулары» деген атаумен танылған көне түркілердің руналық жазуы біздің халқымызда да ортақ. Бұл адамзат тарихындағы ең көне әліпбидің бірі ретінде белгілі.

Латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, ол кейін кириллицаға ауыстырылды. 1940 жылғы 13 қарашада «Қазақ жазуын латындандырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданды. Осылайша, қазақ әліпбиін өзгерту тарихы, негізінен нақты саяси себептермен айқындалып келді. Жалпы, кириллицадан латын алфавитіне көшу – еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бері дүркін-дүркін көтеріліп келе жатқан мәселе.

Елбасы бұл мәселеге бірнеше рет қайта оралды. Көзектегі Жолдауында латын әліпбиіне көшу туралы ойларын тартып айтты. «Бұл ой еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін бізді жиі мазалады. Бірақ біз көп ұлтты халықпыз.



Әр ұлттың ой-пікірі бар. Қазіргі кириллица арқылы қазақтардың да, қазақстандықтардың да бірнеше буыны тәрбиеленіп, білім алды. Өмірдің таңыдық, дүниені көрдік. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс қағидатты мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл өлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік меңгеруіне, ең бастысы, қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады», деген болатын. Бұл мәселеге үлкен жауапкершілікпен қарауымыз керек. Біздің еліміз көп ұлтты болғандықтан, латын әліпбиіне көшуді жан-жақты саралай келіп, бірте-бірте жүзеге асырудың қажеттілігі туындап тұр. Латын әліпбиінің қажеттілігіне біздің көзіміз айқын жетіп отыр. Өуелі тіліміздегі қазіргі жат дыбыстарды таңбалытын өріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік туады.

Қазақ тілін оқытқан уақытта басы артық таңбаларға қатысты емле, ережелердің қысқарғаны белгілі. Ол мектептен бастап барлық оқу орындарында оқыту үрдісін жеңілдетеді. Сондай-ақ латын әліпбиіне көшу қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Қазақ тіліне компьютерлік және технологиялар арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне кіруге тиімді мүмкіндік туады. Және түбі бір түркі дүниесімен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейтуге

жол ашылады.

Тұтастай алғанда, латын әліпбиіне көшуіміз – дұрыс таңдау. Жастар жағы латын әліпбиіндегі қазақ жазуын тез меңгеріп алады. Мектепте ағылшын тілі оқытылатындықтан, олар латын әліпбиін тез қабылдайтыны сөзсіз. Жаңа латын әліпбиі қолдануға өте ыңғайлы, өлемдік жаңа технологияларға бейімделген, қазақ тілінің, сондай-ақ Қазақстанда тұрып жатқан басқа да сан ұлттың тілдік жағдайларын да тәжірибелі жақсы алфавит болып шықты деп ойлаймын. Ал латынға көшкен жағдайда, сөздер жаңа латын әліпбиімен жазылғанда жұрттың бөрі оны жаңадан қабылдайды. Жаңа сөз ретінде, жазылуын орфографиялық норма ретінде қабылдап көзі де үйренеді. Бұл, әсіресе, тілдегі басы артық дыбыстардың, сөздердің, дұрыс жазылуын, қазақша дыбысталуын қамтамасыз ету үшін, тілдің өз табиғаты үшін керек. Жазу ауыстырудың жағымды жақтары мен қиындықтары да бар. Жағымдысы – тілдік ерекшелігімізді сақтау, өлемдік интеграция, ақпарат алу мүмкіндігіміздің артуы. Өйткені латын жазуы ағылшын тілі сияқты өлемге кең тараған әліпби екеніне дау жоқ. Сол арқылы біз қазіргі интернет желісінде ақпарат алуда ғылым, білім саласында осы кеңістікке көбірек кіріп, жастарымыз да тануға, тез оқуға, ақпарат алуға мүмкіндігі артады.

Индира ХАБАЕВА,
Ойыл аудандық ауруханасының жалпы тәжірибелі дәрігері.

Газетке жазылу - 2022

Аудандық “Ойыл” газетіне “Қазпочта АҚ” арқылы 2022 жылдың I жарты жылдығына жазылу басталды

Индекс	Жазылушылар санаты	6 ай
65525	Жеке тұлғаларға	2834,86
66525	Заңды тұлғаларға	4514,86
67525	Жеңілдікпен жазылатындарға (Барлық зейнеткерлерге)	2354,86

Байланыс телефондары: 2-19-02, 2-11-07 (Редакция) 2-19-98 (Қазпочта АҚ)